



2017 жыл

Жылдық есеп

«Нұрбанк» Акционерлік қоғамы

«Нұрбанк» акционерлік қоғамының 2017 жылғы қызметінің қорытындылары бойынша осы жылдық есеп (бұдан әрі - жылдық есеп) «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның листингтік ережелерінің талаптарына сәйкес жасалды, ол инвесторларға таныстыруға арналған.

Жылдық есепте Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған және банктік істе қолданылатын терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

- 1) **Банк** – «Нұрбанк» АҚ;
- 2) **ҚРҰБ / уәкілетті орган** – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;
- 3) **KASE** – «Қазақстан қор биржасы» АҚ;
- 4) **ЕДБ** – екінші деңгейлі банктер.

Мазмұны

1 БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ	3
2 БАНК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	5
3 ЕСЕП ЖЫЛЫНДАҒЫ БАСТЫ ОҚИҒАЛАР	8
4 ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ	
4.1 Банктік секторға және «Нұрбанк» АҚ 2017 жыл ішіндегі қызметінің нәтижелеріне шолу	9
4.2 Банктің 2017 жылғы қызметінің негізгі бағыттары бойынша нәтижелері	12
4.3 Искерлік белсенділіктің стратегиясы	13
5 2017 ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР	
5.1 Баланс құрылымының талдауы	14
5.2 Қаржылық нәтижелердің талдауы	19
6 ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ	21
7 ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК	23
8 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	
8.1 Корпоративтік басқарудың құрылымы	24
8.2 Акциялар мен акционерлер туралы ақпарат	25
8.3 Акционерлердің жалпы жиналысы	26
8.4 Директорлар кеңесі	27
8.5 Басқарма	27
8.6 Директорлар кеңесінің комитеттері	29
8.7 Ішкі аудит және комплаенс-бақылау	30
8.8 Ақпараттарды ашықтау	30
9 2017 ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК БОЙЫНША АУДИТТЕЛГЕН ЕСЕП	32
10 «НҰРБАНК» АҚ БАЙЛАНЫС АҚПАРАТТАРЫ	32

« 2017 жылы рейтингтік агенттік көптеген қазақстандық банктердің рейтинг деңгейінің нашарлайтынын болжады. Ал мұндай жағдайда өз рейтингін сақтап қалу үшін нарықтан да үздік болу қажет. Бизнес жүргізудегі дәстүрлік жолды ұстанғанымыздың арқасында біз Қазақстандағы тұрақты қаржылық институттардың бірегейі саналатын Нұрбанктің мәртебесіне сәйкес келіп қана қоймай, сонымен бірге біздің өндімдік желіміз бен біз көрсететін қызметтердің спектрін дамытуға мүмкіндік береді».
«Нұрбанк» АҚ Басқарма Төрағасы
Эльдар Сарсенов

Құрметті акционерлер, клиенттер, әріптестер мен серіктестер!

Ең алдымен Сіздерге, қолдау көрсеткендеріңіз үшін алғысымды білдіргім келеді! Бүгінгі күні біздің елімізде қаржылық нарықтағы өзгерістер орын алған жағдайда банктік секторға үлкен жауапкершілік артылып отыр. 2017 жылдың қорытындыларын бағалай келіп, үстіміздегі жыл күрделі, алайда нәтижелі болды деп толық сеніммен айтуға болады. Қаржы нарығының сыртқы және ішкі жағдаяттың жағымсыз болғанына қарамастан, Нұрбанктің тұрақтылықты сақтап қалуға және таңдап алған стратегиясының тиімділігін көрсетуге шамасы жетті. Оның үстіне біз маңызды көрсеткіштер бойынша қазақстандық банктер арасындағы өз орнымызды сақтап және тұрақтандыра алдық, қауіпсіз қызмет жасаудың барлық нормативтерін орындадық.

«Нұрбанк» АҚ өзін бірқалыпты даму саясатын ұстанатын консервативті әмбебап банк ретінде көрсетеді, бұл сенімділігінің жоғары болуын және тәуекелдерді мейілінше азайтуды қамтамасыз етеді. Бірқалыпты даму саясатының арқасында, жыл қорытындысы бойынша басты қаржылық көрсеткіштерде оң динамикаға қол жеткіздік және банктік бизнесті дамытудың жоспарланған барлық бағыттарында жетістікке жеттік. Мысалы, бүгінгі күні Банктің өтімділік деңгейі жеткілікті және ол өз міндеттерін орындап қана қоюға ғана емес, сонымен қатар экономиканың нақты секторын кредиттеуді жалғастыруға да мүмкіндік береді. «Нұрбанк» АҚ қорландыру құрылымы жақсы теңдестірілген. Банк «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ мен «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-ның қаражаттарын қолдана отырып, шағын, орта және ірі бизнестің субъектілерін кредиттеу бағдарламаларына қатысады.

2017 жылды Банк үшін жетістікті болды деп сеніммен айтуға болады, өйткені ол төмендегідей нәтижелермен аяқталды:

- Банктің активін 343,6 миллиард теңге құрады. Банк активтерінің ең үлкен үлесін клиенттерге берілген кредиттер құрайды, олардың үлесі активтердің 65,3% алады. 2016 жылдың аяғында қарыздар үлесін 57,6% құрады. Қарыздар көлемі 2,1%-ға немесе 4,5 миллиард теңгеге өсті және ол 224,2 миллиард теңгені құрады. Комиссиялық кірістердің өсімін 1 127 млн. теңге немесе 36,4% құрады.

- жыл ішінде табыс үш еседен артық өсіп, 1 272 млн. теңгені құрады, ал 2016 жылы Банктің таза табысын 374,5 млн. теңге құрады. Бағалы қағаздар қоржынын 42,1 миллиард теңгеге жетті. Банк міндеттерінің көлемі 11,8%-ға немесе 40,3 миллиард теңгені құрады. Өкімет пен банктерді есепке алмағанда, міндеттер құрылымындағы клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттерінде орналасқан қаражаттардың үлесін 68,2% құрайды.

«Нұрбанк» АҚ-ның NPL (пайыздық кредиттер) назардан тыс қалдыруға болмайды. 2017 жылдың басында NPL деңгейін 6,94% құрады, жылдың аяғында ол берілген кредиттердің жалпы көлемінің 6,83%-на дейін төмендеп кетті.

Қазіргі кезде Банк Қазақстан Республикасының барлық ірі қалаларында қоныс тепті және филиалдар мен банкоматтардың дамыған желісі жұмыс істейді. Банк халық пен бизнеске банктік қызметтердің барынша қол жетімді болу стратегиясына бағытталған бағдарды сақтай отырып, клиенттер үшін тиімді және ыңғайлы банктік жаңа өнімдерді енгізе отырып және қызмет көрсету сапасын арттыра отырып, өзінің өнімдік желісін бұдан былай да жетілдіре береді және кеңейте береді.

Сөзімнің соңында біздің клиенттерімізге, серіктестерімізге, инвесторлар мен акционерлерімізге «Нұрбанк» АҚ-ның дамуының стратегиялық бағдарына сенім мен қолдау көрсеткендеріңіз үшін ағысымды білдірем!

**Құрметпен,
Басқарма Төрағасы**

Сарсенов Эльдар Рашитович

2. БАНК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Банк миссиясы - алдарына қойған мақсаттарына жетістікпен жетулері үшін бөлшек сауда, шағын және орта бизнес пен ірі корпорациялардың субъектілеріне заманауи қаржылық қызметтердің толық кешенін көрсетуде сенімді серіктеске айналу.

Бизнес ұстанымдар:

Біз клиенттердің бизнес ұстанымдары мен құндылықтарын бөлісіе отырып, олардың сенімді дамуына өз қызметімізді арнаймыз.

Банктің барлық клиенттері – жеке тұлғалар да, ірі корпорациялар да – барлығы сатылымның әртүрлі каналдары арқылы жоғары сапалы қаржылық қызметтер алуға мүмкіндік беру.

Бизнес-үдерістерді жетілдіру, алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияларды енгізу мен кәсіпқойлықты көтеру жолымен біз үнемі сервис деңгейін жақсартып отырамыз.

Біз жағымды да, тиімді еңбек ортасын жасау үшін Банк қызметкерлерін дамытуға айтарлықтай салым жасаймыз. Біз ең талантты және жетістікті жандарды іздеуді назардан шығармаймыз.

Біз еліміздің дамуы мен гүлденуіне кәдімгідей салым жасай отырып, ұзақ мерзімдік тұрақтылық деңгейін сақтауға ұмтыламыз.

Біздің клиенттермен, инвесторлармен, әріптестермен және басқа ұйымдармен қарым қатынасымызды сенімділік пен ашық байланысу мәдениетіне сүйене отырып орнатамыз.



«Нұрбанк» АҚ 1992 жылдың 3-тамызында құрылды. «Нұрбанк» АҚ банктік холдинг «JP Finance Group» ЖШС-мен және өзінің еншілес ұйымдарымен бірге банктік конгломерат құрамына кіреді. Банктік конгломерат төмендегідей қаржылық құралдар мен қызметтердің: банктік қызметтер, сақтандыру, активтерді басқару, лизинг, брокер-дилерлік және басқа қызметтердің толық жиынтығын көрсететін әмбебап өңірлік қаржылық топ болып табылады. Банктің бенефициарлық меншік иесі – Рашит Темирбулатович Сарсенов.


«Нұрбанк» АҚ өзінің негізгі қызметін 28.10.2014 жылғы № 1.2.15/193 Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген лицензия шеңберінде жүзеге асырады, ол ұлттық және шетел валютасында банктік операцияларды, басқа да операцияларды жасауға, бағалы қағаздардың нарығында қызметі көрсетуге құқық береді.

2018 жылдың маусымында Standard&Poor's халықаралық рейтинг агенттігі «Нұрбанк» АҚ-ның ұлттық шәкіл бойынша кредиттік рейтингін «kzBB-» деңгейіне дейін көтерді және ұзақ мерзімдік және қысқа мерзімдік кредиттік рейтингін халықаралық шәкіл бойынша «В-/В» деңгейінде растады, болжамы «жағымсыз».

«Нұрбанк» АҚ 26 жылдан бері Қазақстан Республикасының қаржылық нарығында табысты жұмыс істеп келеді. Банк Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, Банктік омбудсманның өкілдері кеңесінің, Қазақстанның қаржыгерлер қауымдастығының, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның мүшесі болып табылады. Сонымен қатар, Нұрбанк - «Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Қазақстан Республикасының жеке тұлғалардың салымдарына міндетті ұжымдық кепілдік беру жүйесінің қатысушысы, VISA International (2003 жылдан бастап) және MasterCard Worldwide (2007 жылдан бастап) төлем жүйелерінің негізгі қатысушысы, Банк сонымен қатар «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын іске асыру аясында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның серіктесі Дүниежүзілік банкаралық қаржылық телекоммуникация қауымдастығының (SWIFT) қатысушысы болып табылады.

«Нұрбанк» АҚ «Нұрбанк» АҚ ЕҰ «Money Experts» АҚ, «Нұрбанк» АҚ ЕҰ «Нұрполис» СК» АҚ, «Нұрбанк» АҚ ЕҰ «Нұр Лизинг» Лизинг компаниясы» АҚ, «ОУСА «NB» ЖШС секілді еншілес ұйымдары бар, олардағы Банктің қатысу үлесі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісілді.

<p>«Нұрбанк» АҚ ЕҰ «Money Experts» АҚ</p> <p>27.03.2007 ж. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі № 59003-1910-АҚ.</p> <p>Қазақстан Республикасының Қаржылық нарық пен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттіктің лицензиясы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - 2014 жылдың 01 шілдесіндегі №0403200727 инвестициялық қоржынды басқару қызметін жүргізуге; - номиналды ұстаушы ретінде 2007 жылдың 04 маусымындағы № 0401201611 клиенттің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға. <p>Мекенжайы: Алматы қ., Республика алаңы 13, 616- офис Телефондар: +7 (727) 250-20-14, 250-20-15, 266-60-54 Факс: +7 (727) 250-20-13 info@moneyexperts.kz www.moneyexperts.kz</p>	 <p>Компания 2002 жылы «Нұрбанк» АҚ қаржы нарығының секторы болып табылатын қор нарығына өзінің еншілес компаниясының көмегімен шығу мақсатында құрылды. Қазіргі кезде «Нұрбанк» АҚ «Money Experts Еншілес ұйым» АҚ қаржы кеңесшісі, Қазақстан қор биржасында акциялар мен KASE облигациялар бойынша маркет-мейкер, көптеген қазақстандық компаниялардың, банктердің, зейнетақы активтерін инвестициялық басқарумен айналысатын ұйымдардың листинг агенті немесе жай ғана брокері болып табылады. Қызметтері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - инвестициялық қоржынды басқару; - бағалы қағаздар нарығында брокер қызметі; - акциялар шығаруда мемлекеттік тіркеу рәсімін дайындау және ұйымдастыру; - андеррайтинг қызметтері; - тікелей инвестиция жасау — заңды тұлғалардың акционерлік капиталына қатысу; - кеңес беру қызметтері.
<p>«Нұрбанк» АҚ ЕҰ «Нұрполис» СК» АҚ</p> <p>17.07.2007 ж. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі № 2143-1910-02-АҚ, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2015 жылдың 25 қыркүйегінде берген № 2.1.34 «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүргізуге құқық беретін лицензия</p> <p>Мекенжайы: Алматы қ., 050008, Бостандық ауд., Абай даңғ., 68/74, 2-қабат, Телефон: +7 (727) 266-40-90, 266-40-91 Факс: +7 (727) 266-40-94 office@nurpolicy.kz www.nurpolicy.kz</p>	 <p>«Нұрполис» Сақтандыру Компаниясы 1998 жылдан бері сақтандыру нарығында еңбек етуде. Компания құрылған сәттен, 1998 жылдан бастап заңды тұлғаларды сақтандырумен, жеке тұлғаларды сақтандырумен – 10 жылдан аса айналысады. Компания автосақтандыру, мүлік сақтандыру, қайғылы оқиғалардан өз еркімен сақтандыру, шетелге шығатын тұлғаларды сақтандыру және басқа қызметтердің толық жиынтығын ұсынады, сондай-ақ әлеуетті тәуекелдерді мейілінше азайтуға қатысты кеңес береді, ең қымбат мүлікті сақтандыруға мүмкіндік береді, өйткені ол алдыңғы қатарлы әлемдік қайта сақтандырушылармен қатынас орнатқан.</p>
<p>«ОУСА «NB» ЖШС</p> <p>15.04.2014 ж. №7169-1910-02-ЖШС заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу</p>	<p>Қызметтің негізгі түрлері: Банктің күмәнді және сенімсіз активтерін сатып алу.</p>

<p>Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмалы ауданы, Гоголь көш., 89 А Телефон: +7 (727) 259-97-10, ішкі 5350, 5340</p>	
<p>«Нұрбанк» АҚ Еншілес ұйымы» «Нұр Лизинг» Лизинг компаниясы 05.06.2008 ж. 41414-1910-ЖШС Заңды тұлғаларды мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі</p> <p>Мекенжайы: 050010, Алматы қ., Республика алаңы, 13, офис 629 Телефон: +7 (727) 266-91-48, 250-25-99 Факс: +7 (727) 250-63-17 info@nurleasing.kz www.nurleasing.kz</p>	 <p>Келесі қызмет түрлерін ұсынатын әмбебап лизинг компаниясы: қаржылық лизинг, қайтарымды лизинг, жедел лизинг. «Нұрбанк» АҚ ЕҰ «Нұр Лизинг» лизинг компаниясы» ЖШС-ның артықшылықтары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Алдына ала шешім – 1 күн бұрын; 2. «Даму» бағдарламалары бойынша мөлшерлемелерді субсидиялау; 3. Сайтта өтінім беру мүмкіндігі; 4. Мәмілені толықтай сүйемелдеу: <ul style="list-style-type: none"> - клиент мүддесінде келіссөздер жүргізу; - мәмілені заңдық рәсімдеу; - мәмілені кедендік рәсімдеу; - лизинг нысанын сақтандыру. 5. Дербес жеңілдікті шарттар.

01.01.2018 жылы «Нұрбанк» АҚ Қазақстанның барлық негізгі аймақтарында 16 филиалы мен 89 әмбебап банктік қызмет көрсету орталықтары мен филиалдардың қосымша жайлары орналасқан. Кең тараған филиалдар желісі мен Ресей Федерациясының Мәскеу қаласындағы өкілдігі бизнес пен халыққа банктік қызметтің толық спектрін көрсетуге мүмкіндік береді.

Рет №	Өкілеттіктің / филиалдың атауы	Тіркеу / қайта тіркеу күні	Елді мекен	Мекенжайы
1.	Мәскеу қ. өкілеттік	16.02.2004	Ресей, 107031 Мәскеу қ.	Большая Дмитровка көш, 32-үй, 9-құрылыс
2.	Ақтау қ. филиалы	08.02.2005	Маңғыстау облыс, Ақтау қ.	4 ш/а, Қоғамдық ұйымдардың ғимараты
3.	Ақтөбе қ. филиалы	15.02.2005 г.	Ақтөбе қ.	Оспанов көш., 59
4.	Алматы қ. филиалы	12.10.2007	Алматы қ.	Желтоқсан көш., 173
5.	Астана қ. филиалы	14.08.2015	Астана қ.	Қонаев көш., 33
6.	Атырау қ. филиалы	31.01.2005	Атырау қ.	Сейфуллин көш., 5
7.	Қарағанды қ. филиалы	25.02.2005	Қарағанды қ.	Гоголь көш., 51/6

8.	Көкшетау қ. филиалы	05.05.2006	Көкшетау қ.	М. Әуезова көш., 149
9.	Қостанай қ. филиалы	28.01.2005	Қостанай қ.	Жеңіс көш., 70б
10.	Павлодар қ. филиалы	30.10.2014	Павлодар қ.	Кутузов көш., 26/ тұрғын емес жай
11.	Петропавл қ. филиалы	10.09.2015	Петропавл қ.	Абай көш. 80/А
12.	Семей қ. филиалы	10.02.2015	Семей қ.	Шәкәрім даңғ. 47
13.	Талдықорған қ. филиалы	12.12.2014	Талдықорған қ.	Абылай хан көш., 147
14.	Тараз қ. филиалы	04.02.2005	Тараз қ.	Әйтеке би көш., 17
15.	Орал қ. филиалы	02.03.2005	Орал қ.	М. Ихсанов көш., 54
16.	Өскемен қ. филиалы	19.03.2005	Өскемен қ.	Қазақстан көш., 64/1
17.	Шымкент қ. филиалы	01.02.2005	Шымкент қ.	Асқаров көш., 41Б

«Нұрбанк» АҚ-тың өнімдік желісі қазіргі кезде нарықтың талаптарына сәйкес келеді. Банк клиенттері үшін «Нұрбанк» АҚ қызмет көрсетудің тиімді шарттарымен бизнесті дамытуға арналған банктік қызметтердің кең спектрін ұсынады.

- Интернет-банкинг арқылы қашықтан қызмет көрсету мүмкіндігі қосылған есеп - кассалық қызмет көрсету;
- Бос ақша қаражаттарын тиімді шарттармен орналастыруға арналған банктік салымдар;
- Икемді қаржыландыру шарттармен заңды және жеке тұлғаларды кредиттеу. Банктің жеке қаражаттарымен және елдегі ірі корпоративтік, шағын және орта бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыру шеңберіндегі мемлекеттік қаражаттармен кредиттік жобаларды қаржыландыруды жүзеге асырады;
- Электрондық банктік қызметтер;
- Тендерлерге қатысу үшін де, сонымен қатар жасалған өзара шарттар және басқа келісімдер шеңберінде міндеттерді орындау ретінде шығарылған банктік кепілдіктер. Электрондық өкіметтің www.egov.kz порталында немесе «Самрұқ-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның электронды сатылымдар порталында тендерге қатысуға арналған электрондық банктік кепілдіктер беру бағдарламасы жүзеге асырылды.

3. ЕСЕПТЕГІ ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ¹

2017 жылдың ішінде Банк төмендегідей нәтижелерге қол жеткізді:

- несиелі қоржынының көлемін 2,1%-ға өсіру;
- проблемалы қарыздардың үлестерін 6,94%-дан 6,83%-ға дейін төмендету;
- комиссиялық кірісті 36,4%-ға өсіру;
- қорландыру құнын 2016 жылғы 7,32%-дан 2017 жылы 6,88%-ға төмендету (0,44%-ға азайту).

¹ Банктің аудиттелген шоғырланған қаржылық есептілігінің мәліметтері бойынша

2017 жылдың қорытындысы бойынша Банк ШОБ қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда белсенді түрде қатысқаны үшін «Даму» ҚДҚ» АҚ тағайындаған «2017 жылдың серпіні» атты номинацияны иеленді.

Банк ШОБ қарыз алушыларын қаржыландыру арқылы «Даму» ҚДҚ» АҚ іске асырып жатқан шағын және орта бизнестің субъектілерін қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларына, соның ішінде «Даму» ҚДҚ» АҚ іске асырып жатқан шағын және орта бизнестің субъектілерін қолдау бойынша ШОКС (шағын және орта кәсіпкерліктің субъектілерін) кредиттеудің өңірлік бағдарламаларына, соның ішінде: жалпы сомасы 2 400 млн. теңгені құрайтын Шығыс Қазақстан облысы (Ақ ниет бағдарламасы, Алматы қ. (Алматы туризм және Жібек жолы бағдарламасы), Астана қ. (Астана Retail), Жамбыл облысы (Береке 2), Солтүстік Қазақстан облысы (Қызыл жар), Атырау облысы (Алтын Кеме 2), сонымен бірге жалпы сомасы 5 000 млн. теңге «Даму өңірлер 3» Өңірлік қаржыландыру бағдарламасының, сондай-ақ 2017 жылдың екінші жартысында тартылған, 2 084 млн. теңге көлеміндегі 2017-2021 жылдарға арналған Өндірістік шұғылдану және жаппай кәсіпкерлік бағдарламасының (Еңбек) ресурстарын орналастыру сияқты «Даму» ҚДҚ» АҚ мен жергілікті атқару органдары (облыстардың әкшіліктері) жүзеге асырып жатқан ШОКС кредиттеудің өңірлік бағдарламаларына белсенді түрде қатысты, соның арқасында 01.01.2018 ж. жай-күй бойынша Банк қатысатын мемлекеттік бағдарламалардың саны жалпы сомасы 29 372,4 мың теңгені құрайтын 16 бағдарламаға жетті.

Банк ШОКС кредиттеу үшін Азия Даму Банкімен кредиттік желісінің жалпы сомасы 9 360 миллион теңгедегі Кредиттік келісім жасады. Кредит желісінің 1 574 миллион теңгедегі 1-траншты Банк алды және 2018 жылдың ақпанында игерілді.

Банк ірі корпоративтік клиенттерді қаржыландыру мақсатында тартқан 8 миллиард теңге көлеміндегі «Қазақстан Даму Банкінің» қаражаттары толықтай игерілді және уақтылы қайтарылды.

Банктің бөлшек сауда секторының клиенттеріне арналған ыңғайлырақ және қол жетімдірек шарттары ұсынылды, атап айтқанда «Кепілзатсыз», «Ипотека» өнімдеріне қосымша бағдарламалар іске қосылды, «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылыс бағдарламасын жүзеге асыру аясында «Нұрлы жер Ипотека» өнімі іске қосылды, «Кепілзатты кредит» өнімі бойынша кредиттік желі енгізілді, «Тауарлық кредит» өнімі бойынша әртүрлі опциялар жүзеге асырылды.

Жаңа кредиттік және карточка өнімдері, Nurpay.kz ақша аударымдарына арналған тұғыр енгізілді, төлем терминалдарының желісі қол жетімді болды;

2017 жылы өзіндік бағдарландыру процессингіне және төлем карточкаларын қолдана отырып, төлемдерді өңдеуге көшірілді.

4. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

4.1 ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ: БАНКТІК СЕКТОРҒА ШОЛУ ЖӘНЕ «НҰРБАНК» АҚ 2017 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ²

01.01.2017 жылғы жай-күй бойынша банктік секторда 32 ЕДБ, оның ішінде 13 банк шетелдік қатысуымен, соның ішінде 11 еншілес банк қызмет етеді.

2017 жылы «Delta Bank» АҚ-ның лицензиясы кері қайтарылды, ҚР екі ірі қаржылық институт – «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ мен «Қазкоммерцбанк» АҚ бірігу басталды және жалғасу үстінде. 2017 жылы ҚР Ұлттық Банкі Банктік сектордың тұрақтылығын көтеру бағдарламасын жүзеге асыру аясында 5 ЕДБ-ға тәртіптелген облигацияларды 15 жылға

² Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің мәліметтері

орналастырды, бұл шара банктік сектор капиталының көрсеткіштерін арттырды. Банктік сектордағы тұрақсыздық пен сырттан қолдаудың болмағанына қарамастан, Нұрбанк өзі таңдап алған бизнес жүргізудің дәстүрлі әдіс стратегиясына сәйкес жүзеге асырылған қызметінің арқасында оң нәтижеге қол жеткізе алды.

2016 жылы Банк төмендегідей әлемдік және жергілікті уақиғаларға қатысты уақтылы әрекет етті:

- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің 2017 жылы базалық мөлшерлемені 12%-дан 10,25%-ға дейін төмендетуіне;
- 2017 жылы АҚШ Федеральдық қор жүйесінің мөлшерлемені 0,75%-дан 1,25%-ға дейін өсіруіне;
- Европа одағындағы елдердегі әлемдік валюталық нарығындағы тұрақсыздыққа;
- шикізаттық тауарлардың, соның ішінде 2017 жылдың екінші жартысында Brent маркалы мұнай құнының өсуіне;
- ұлттық валютаның АҚШ долларына қатысты құбылуына.

Активтер

2017 жылдың қорытындысы бойынша ЕДБ жалпы активтері 5,5%-ға (1 398,9 миллиард теңге) 24 158 миллиард теңгеге дейін төмендеді. ҚР ірі банктерінің бірігуі, кейбір банктердің проблемалы несиелерінің мойындалуы мен бірқатар басқа да банктердің активтерінің қайта бағалау секілді себептер осылайша төмендеуге алып келген.

Көрсеткіштер	2017 жыл	2016 жыл	2015 жыл	2014 жыл
ЕДБ активтері, миллиард теңге	24 157,93	25 556,80	23 780,30	18 239,00
«Нұрбанк» АҚ активтері, миллиард теңге	397,2	402,9	333,4	369,5
Нарықтың үлесі	1,60%	1,60%	1,40%	2,03%
Активтер бойынша нарықтағы орны	32-ден 14	33-тен 15	35-тен 14	38-ден 14

01.01.2018 жылғы «Нұрбанк» АҚ активтері 397,2 миллиард теңгені құрады. 2017 жыл ішінде кредиттік қоржынның сапасын жақсартуға және несие қоржынындағы проблемалы кредиттердің үлесін азайтуға бағытталған жұмыстардың арқасында Банк активтерінің төмендеуіне қол жеткізілді.

2017 жылы банктік сектордың ROA көрсеткіші = 2,48% құраса, ал «Нұрбанк» АҚ активтерін қолдану тиімділігін (ROA) 2,73% құрады, бұл көрсеткіш былтырғы жылы көрсеткен 1,69% болатын.

Несиелік қоржын

2017 жылдың қорытындысы бойынша ЕДБ кредиттік қоржыны (РЕПО мәмілелерін есепке алмағанда) 14,3% 13 164,9 миллиард теңгеге азайды. Дегенмен де, есептен шығару мен белгілі бір қаржылық институттардың проблемалы қарыздар қорына өткізуді есепке алмағанда, жүйенің несиелік қоржынының жылдық өсімін 10,0% немесе 1 066,1 миллиард теңгені құрады.

Осы орайда, 2017 жыл ішінде заңды тұлғаларға берілетін қарыздар 36,0%-ға төмендеген және 4 195,1 миллиарда теңгені құрады (несиелік қоржынның 30,9%), жеке тұлғаларға берілетін қарыздар 13,1%-ға, 4 259,1 миллиарда теңгені құрады (несиелік қоржынның 31,3%).

Көрсеткіштер	2017 жыл	2016 жыл	2015 жыл	2014 жыл
ЕДБ несиелік қоржыны, миллиард теңге	13 590,5	15 510,8	15 553,7	14 184,4
«Нұрбанк» АҚ несиелік қоржыны, миллиард теңге	214,6	223,3	193,7	201,9
Нарықтың үлесі	1,58%	1,44%	1,25%	1,42%
Несиелік қоржыны бойынша нарықтағы орны	32-ден 13	33-тен 14	35-тен 14	38-ден 15

«Нұрбанк» АҚ-ның несиелік қоржыны 2017 жылы 5,3%-ға артып, 214,6 миллиард теңгені құрады (РЕПО есепке алмағанда). «Нұрбанк» АҚ кредиттік қоржын бойынша нарықтағы үлесі жыл басындағы 1,4%-дан 1,6%-ға дейін артты.

90 күннен артық мерзімге кешіктірілген, банктік сектордың жұмыс істемейтін қарыздары (бұдан былай – NPL) ЕДБ несиелік қоржынының 6,7%-нан 2017 жылдың аяғында 9,3%-ға дейін өсті. Осы тұрғыдан алғанда «Нұрбанк» АҚ-ның көрсеткіш мәліметтері: NPL 6,94%-дан 6,83%-ға дейін төмендеп, сектор бойынша айтарлықтай төменгі мәнді көрсетті.

Депозиттік қоржын

2017 жылы ҚР банктік секторының жалпы міндеттері 7,0%-ға 21 128,2 миллиард теңгеге дейін қысқарды, бұл арада кейбір банктердің міндеттерінің бөлігін стандартты емес өткізілуін есепке алмағанда, ЕДБ міндеттері 2,4%-ға өсті. 2017 жылы клиенттердің салымдары 3,4%-ға азайып, 16 680,5 миллиард теңгеге немесе жалпы міндеттердің 78,9%-ға, соның ішінде клиенттердің салымдарының ішіндегі заңды тұлғалардың салымдары – 50,7%-ға (9,7%-ға азайған), клиенттердің салымдарының ішіндегі жеке тұлғалардың салымдары – 49,3%-ға (9,7%-ға азайған) төмендеді.

2017 жылдың аяғында «Нұрбанк» АҚ клиенттерінің салымдарын 201,6 миллиард теңгені құрады. Депозиттік қоржын бойынша нарықтағы үлесін 1,2%-ды құрады. Жыл басынан бері депозиттік қоржынның көлемі 23,9%-ға төмендеген. Квази мемлекеттік сектордағы компаниялардың бос қаражатты ЕДБ алғашқы ондығына кіретін банктерге орналастыру туралы шешімдерінің әсерінен заңды тұлғалар бойынша 48,0%-ға төмендеуіне алып келген. Жеке тұлғалар бойынша 19,6 миллиард теңге немесе 19,7%-ға өсу байқалды.

Капитал

ЕДБ жалпы өзіндік капиталы 2017 жыл ішінде 250,4 миллиард теңгеге (+6,6%) артып, 3 029,7 миллиард теңгеге жетті. Бұл арада өсімнің шамамен 95% бағдарламаға қатысатын 15-жылдық тәртіптелген облигацияларды сатып алуға негізгі қаражаттар бөлінген уақытқа қазан* қараша айларына сай келеді. 2017 жылдың қорытындысы бойынша банктік сектордың жалпы таза кірісін негізінен екі банкке келген шығын есебінен 62,3 миллиард теңгені құрады.

«Нұрбанк» АҚ 2017 жылғы таза кірісін 10,5 миллиард теңгені құрады.

4.2 2017 ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША БАНК НӘТИЖЕЛЕРІ

Корпоративтік сектор

2017 жылы Банктің корпоративтік сектор бойынша несиелік қоржыны 10,1%-ға өсіп, клиенттердің несиелерінің жалпы көлемінің 41% құрады. Қарастырылған кезең ішінде несиелік қоржын корпоративтік сектордың клиенттерін кредиттеуге байланысты 39,7 миллиард теңгеге өсті. Ірі корпоративтік клиенттерді қаржыландыру мақсатында жалпы

сомасы 8 миллиард теңгедегі «ҚДБ» АҚ қаражаты тартылып, толығымен игерілді және кестеге сәйкес 2017 жылы уақтылы қайтарылды.

2017 жыл ішінде корпоративтік сектор депозиттік қоржын, бұрын аталғандай квази мемлекеттік кәсіпорындар қаржаттарының есебінен төмендеді.

2017 жылы бойынша қоржын үлесін 39% құрады. Қарастырылған кезең ішінде несиелік қоржын жаңа клиенттерді кредиттеуге байланысты өсті.

2017 жылы банктің корпоративтік клиенттері қаражаттарының айналымдарының саны 198 мың дананы құрады, оның жалпы сомасы 904 миллиард теңгеге жетті, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 5%-ға жоғары. Корпоративтік сектор бойынша таза пайыздық кіріс 01.01.2018 жылы 662 миллион теңге, есеп-кассалық қызмет көрсету бойынша 935 миллион теңге көлемін көрсетті.

ШОБ секторы

2017 жылы ШОБ блогы үшін алдыңғы 2016 жылмен салыстырғанда, келесі көрсеткіштер бойынша оң динамика байқалды:

1. Комиссиялық кірістердің өсімін 0,8 миллиард теңге құрады;
2. Таза пайыздық кіріс 1,5 миллиард теңгеге артты;
3. Пайыздық шығыстар 1,2 миллиард теңгеге азайды;
4. 2016 жылмен салыстырғанда, қарыз алушылардың саны 36 клиентке көбейді;
5. Көпшілік кәсіпкерлікті қаржыландыру бағдарламасына қатысу аясында (микро кредиттеу сегментінде) кредиттік қоржынға диверсификация (ұсақтандыру) жасалды, бұл беру санын «50 миллион теңгеге дейін» 1,5 есеге арттырды;
6. Есеп-кассалық қызмет көрсету бойынша кірістер 43,4%-ға өсті;
7. Кепілдіктер бойынша кірістер 70,9%-ға өсті.

Бөлшек сауда секторы

01.01.2017 және 01.01.2018 жылдардағы жай-күй бойынша бөлшек сауда кредиттік өнімдері нарығындағы «Нұрбанк» АҚ үлесі төмендегідей үлгіде көрініс тапты:

Кредиттер жеке тұлғаларға	Барлығының нарығы млн теңге	«Нұрбанк» АҚ млн теңге	«Нұрбанк» АҚ нарықтағы үлесі, %
01.01.2017 ж.	4 039 782	26 121	0,6%
01.01.2018 ж.	4 259 100	30 280	0,7%

Бөлшек сауда бизнесінің өнімдері бойынша сатылымды арттыру мақсатында 2017 жылы келесі іс-шаралар жүзеге асырылды:

- 1) Бөлшек сауда бизнесінің Дәстүрлі өнімдерін тарту үшін Агенттер желсін құру;
- 2) Авто кредиттеу бойынша «Қорғаушыларға -7%» Акциясын іске қосу;
- 3) «Кредитті Нұрбанкке ауыстырда, аз төле» іс-шарасын іске қосу;
- 4) Кепілзатсыз кредиттер бойынша «Жеңілдіктер түні» іс-шарасын өткізу;
- 5) Әрекеттегі және әлеуетті клиенттерге арналған «Нұрбанк» АҚ филиалдарында «Nurbankday» іс-шарасын өткізу;
- 6) Бөлшек сауда бизнесінің барлық өнімдері бойынша, жүйелі түрде жарнамалық шараларды іске қосу;
- 7) Жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің негізгі қарыз бойынша берешектерін өтеуге бағытталған, олардың қарыздары бойынша «Бөліп өте» акциясы, «Дисконт» акциясы өткізілді.

Аударма операциялары

Клиенттер базасын арттыру, 2017 жылы кірістерді өсіру мақсатында «Біз біргеміз», «Нұрбанктің 3 айлық абонементі» акциялар өткізілді, заңды тұлғаларға арналған Ұсыныстар жиынтығы іске асырылды.

Ақша аударымдары жүйесінде клиенттерге арналған «Сыйлыққа iPhone» акциясын өткізген кезеңде жеке тұлғалардың аударымдарынан түсетін кіріс 2016 жылдың осы кезеңдегі көрсеткішпен салыстырғанда, 17%-ға өсті. Ақша аударымдары жүйесіндегі кірістің өсімін 14%, ал свифт жүйесіндегі аударымдар 21% құрады.

Ақша аударымдарының жүйесіндегі «iPhone 8+ «Нұрбанк» АҚ-дан сыйлық», «Нұрбанкке барайық» акцияларын жүргізген кезеңде өткен жылдың осы кезеңіндегіден 32%-ға артық комиссиялық кіріс алынған.

Өтімділікті басқару

01.01.2018 ж. жай-күй бойынша Банктің Бағалы қағаздарының қоржыны 21,4%-ға қысқарды. 2017 жылдың ішінде мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар үлесінің төмендеуі себебінен бағалы қағаздардың қоржыны қысқарған. Ұлттық валютадағы еркін өтімділік болғандықтан, 2017 жылы Банк Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің аукциондарына белсенді түрде қатысты.

4.3. ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІКТІҢ СТРАТЕГИЯСЫ

2018 жылы Банк несиелік қоржынды 5%-ға өсіруді, депозиттік қоржын бойынша клиенттік базаны арттыруды, соның нәтижесінде депозиттік қоржынның 14%-ға өсуін, комиссиялық кірістердің 21%-ға өсуін қамтамасыз етуді жоспарлайды.

Банктің сапалы өсуінің және келешекте өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізіне келесі тапсырмаларды орындағанда қол жеткізеді:

- бөлшек сауда мен шағын орта бизнесті дамыту;
- алдыңғы қатарлы технологиялар мен инновациялық IT-шешімдерді енгізу арқылы Банктің технологиялық мәртебесіне қол жеткізу;
- қашықтан қызмет көрсету каналдарын дамыту және клиенттер арасында жеке кәсіпкерлерге арналған ИПCard және бүкіл әлемге төлем жасауға мүмкіндік беретін, интернет арқылы қауіпсіз төлем жасауға арналған WebCard сияқты жүйелері бар банктермен жұмыс істеуде қолдануға ыңғайлы әрі қарапайым құралдарды ұсыну;
- банктік өнімдердің спектрін кеңейту;
- қызмет көрсету сапасы мен жеделдігін жақсарту;
- нарықтағы үлестерін өсіру;
- Банктің несиелік қоржынындағы проблемалы қарыздардың үлестерін төмендету.

5. 2017 ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР³

5.1 БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ТАЛДАУЫ

Активтер

2017 жылы Банк активтері 9,9%-ға немесе 37,8 миллиард теңгеге төмендеп, 01.01.2018 жылы 343,6 миллиард теңгені құрады.

01.01.2018 жылғы кредиттік қоржынды (нетто) 224,2 миллиард теңгені құрады, ол бір жыл ішінде 4,5 миллиард теңгеге немесе 2,1%-ға артты. Банктің жалпы активтеріндегі кредиттік қоржынның үлесін 65,3% құрады.

Ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары 45,4%-ға немесе 29,1 миллиард теңгеге төмендеп, 35,0 миллиард теңгені құрады. Есеп күнгі активтердегі ақша қаражаттарын үлесін 10,2% құрады.

2016 жылы бағалы қағаздар қоржыны 20,6%-ға немесе 10,9 миллиард теңгеге төмендеп, 01.01.2018 жылы 42,1 миллиард теңгені құрады. Бағалы қағаздардың меншікті салмағы 2016 жылғы 13,9%-дан 2017 жылы 12,3%-ға дейін төмендеді.

Атауы	2016 жыл		Өсу/ төменде у	2015 жыл		Өсу/ төменде у	2014 жыл		Өсу/ төменде у
	млн теңг е	үлесі		млн теңг е	Үлес і		млн теңг е	үлесі	
Ақша және оның баламасы	35 023	10,2 %	-45,4%	64 139	16,8 %	68,0%	38 170	11,9 %	8,6%
Бағалы қағаздар	42 119	12,3 %	-20,6%	53 055	13,9 %	25,3%	42 340	13,2 %	17,3%
Банктер мен басқа қаржылық институттардағы шоттар мен депозиттер	6 177	1,8%	-49,4%	12 206	3,2%	-12,4%	13 940	4,3%	41,9%
Клиенттерге берілген кредиттер	224 249	65,3 %	2,1%	219 714	57,6 %	11,3%	197 404	61,5 %	3,5%
Негізгі құралдар	5 377	1,6%	-2,7%	5 527	1,4%	-17,4%	6 692	2,1%	26,5%
Басқа да активтер	30 692	8,9%	14,7%	26 766	7,0%	18,2%	22 637	7,0%	20,1%
Активтердің барлығы	343 638	100 %	-9,9%	381 407	100 %	18,8%	321 183	100 %	8,5%

³ Банктің аудиттелген шоғырланған қаржылық есептілігінің мәліметтері бойынша

2017 жылдың 31 желтоқсанындағы активтердің құрылымы

Негізгі құралдар - 2%

Банктер мен басқа қаржылық институттардағы шоттар мен депозиттер - 2%

Басқа да активтер - 9%

Бағалы қағаздар - 12%

Ақша және оның баламасы - 10%

ЖТ қарыздары - 11%

ЗТ қарыздары - 55%

Активтердің ең үлкен үлесін Кредиттер-нетто құрайды: 65,3%

Клиенттерге берілген кредиттер

Банктің басымдықты міндеттерінің бірі ретінде қолдағы клиенттік базаны сақтау, экономиканың әртүрлі секторларында жаңа клиенттер тарту, кредиттік қоржынның сапасын жақсарту және проблемалы қарыздардың қайтарымдылығын көтеру істері қала бермек. 2017 жылы Банк өңдеуші өнеркәсіп пен қызметтер салаларындағы шағын және орта бизнестің субъектілерін кредиттеудің мемлекеттік бағдарламаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қаражаттарынан ірі кәсіпкерліктің субъектілерін кредиттеу бағдарламасын жүзеге асыруға белсенді қатысуды жалғастырып келеді.

2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жай-күй бойынша Банктің несиелік қоржынының көлемін (нетто) 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы 219,7 миллиард теңгемен салыстырғанда 224,2 миллиард теңгені құрады. Өсімді 4,5 миллиард теңге немесе 2,1% құрады. 2017 жылдың аяғында Банк құнсыздануға 37,6 миллиард теңге көлеміндегі қорларды құрды.

2017 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жай-күй бойынша кредиттік қоржынның секторлар бойынша құрылымы.

	01.01.2018		01.01.2017		өсу/төмендеу	
	(млн. теңге)	(млн теңге) меншікті салмағы	(млн теңге)	меншікті салмағы	абс.	%
ЗТ Кредиттер	214 937	82,1%	210 990	82,7%	3 948	1,9%
ЖТ Кредиттер	46 906	17,9%	44 102	17,3%	2 804	6,4%
клиенттерге берілген кредиттердің (брутто) БАРЛЫҒЫ:	261 844	100%	255 092	100%	6 752	2,6%
Құнсыздану есебінің қоры	-37 594		-35 379		-2 216	6,3%
клиенттерге берілген кредиттердің (нетто) БАРЛЫҒЫ:	224 249		219 714		4 536	2,1%

Өткен жылы кредиттік қоржынның өсімін 4,5 миллиард теңге немесе 2,1% құрады.

Банк бөлшек сауда, шағын және орта бизнестің субъектілері мен ірі корпорацияларға заманауи қаржылық қызметтердің толық кешенін ұсынады. Банктің тарихи құрылған несиелік қоржыны корпоративтік блоктағы кредиттерде әліде болса басымдық көрсетіп отыр.

Сегменттер бойынша клиенттерге (нетто) берілген қарыздар (млн теңге)

КБ ШОБ БСБ

133686

51872

34156

137231

50090

36929

2016

2017

2016 жыл 2017 жыл**17,3%****82,7%****82,1%****17,9%**

Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер

Бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттер

Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер

Бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттер

Заңды тұлғаларға берілген несиелердің үлесін 2017 жылы 82,1%-ды және 2016 жылы 82,7% құрайды, 31.12.2017 жылғы жай-күй бойынша корпоративтік клиенттерге берілген несиелер көлемін 31.12.2016 жылғы 210,9 миллиард теңгемен салыстырғанда 214,6 миллиард теңге құрады.

2017 жылдың ішінде корпоративтік блоктағы негізгі секторлардың кредиттеу:

млн. теңге	01.01.2018 ж. берешек	Саланың несеие қорж-ғы менш. салмағы (%)	01.01.2016 ж. берешек млн теңге	Саланың несеие қорж-ғы менш. салмағы (%)	Өсу	
					абс.	%
Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер						
Меншіктегі заттарды жалға беру	23 050	11%	49 246	23,3%	-26 196	-53,2%
Өңдеу өнеркәсібі	27 249	13%	26 507	12,6%	742	2,8%
Жылжымайтын мүлік	28 444	13%	22 227	10,5%	6 217	28,0%
Көтерме сауда	35 094	16%	19 764	9,4%	15 330	77,6%
Тағам өнеркәсібі	22 114	10%	16 036	7,6%	6 078	37,9%

Құрылыс	16 857	8%	14 432	6,8%	2 425	16,8%
Ауыл шаруашылығы	6 546	3%	13 371	6,3%	-6 825	-51,0%
Қаржылай делдалдық	516	0%	13 122	6,2%	-12 606	-96,1%
Басқасы	55 068	26%	36 285	17%	18 783	51,8%
Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер барлығы (брутто)	214 937	100%	210 990	100%	3 948	1,9%

Салалық бағыты

Меншіктегі заттарды жалға беру
 Өндеу өнеркәсібі
 Жылжымайтын мүлік
 Көтерме сауда
 Тағам өнеркәсібі
 Құрылыс
 Ауыл шаруашылығы
 Қаржылай делдалдық
 Басқасы
 Баспа және полиграфия
 Бөлшек сауда
 Көлік
 Демалыс және ойын-сауық саласы
 Қонақүй және мейрамхана
 Байланыс
 Мұнай-газ саласы
 Тау - кен өнеркәсібі
 Медицина және фармацевтика

2017 2016

Банктің бөлшек сауда клиенттеріне берілген несиелердің үлесін 2017 жылы 17,9% және 2016 жылы 17,3% құрады. Бөлшек сауда клиенттеріне берілген несиелердің көлемі 2017 жылы 2,8 миллиард теңгеге немесе 6,4%-ға артты.

Жеке тұлғаларға берілген несиелер құрылымындағы негізгі үлесті 75,3%-дағы тұтынушылық қарыздар алады. Өткен жылмен салыстырғанда тұтынушылық қарыздар 840 миллион теңгеге немесе 2,3%-ға төмендеді. Ипотекалық қарыздар 3,7 миллиард теңгеге немесе 47,8%-ға артты. Кредиттік карталар бойынша көлемі 27 млн теңгеге немесе 10,8%-ға төмендеді.

Міндеттер

2017 ж. Банктің міндеттері 40,3 миллиард теңге немесе 11,8% төмендеді. Квази мемлекеттік сектордағы компаниялардың бос қаражатты ЕДБ алғашқы ондығына кіретін банктерге орналастыру туралы шешімдерінің салдарынан клиенттер - заңды тұлғалардың қаражаттары бойынша негіз төменгі орын алды. Сонымен қатар, жеке тұлғалардың салымдары бойынша Банк міндеттері көлемінің 29,8%-ға өскенін атауға тиіспіз. Сонымен бірге Банк жыл ішінде банк аралық нарықта қаржы тарта алды.

Атауы	2017		2016		Өсу/Төмендеу	
	млн.теңге	үлесі	млн.теңге	үлесі	абс.	%
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаражаты	25 917	8,6%	27 246	8,0%	-1 330	-4,9%
Банк пен басқа да қаржылық институттардың қарыздары мен депозиттері	16 510	5,5%	23 545	6,9%	-7 036	-29,9%
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	204 647	68,2%	268 417	78,8%	-63 771	-23,8%
Шығарылған борышкерлік бағалы қағаздар	20 832	6,9%	16 243	4,8%	4 589	28,2%
Басқа да міндеттер	32 246	10,7%	5 011	1,5%	27 235	543,5%
Міндеттердің жиынтығы	300 151	100%	340 463	100%	-40 313	-11,8%

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаражаты

2017 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаражаты 1,3 миллиард теңгеге немесе 4,9%-ға төмендеді. Бұл бапқа «ДАМУ» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-дан шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін алынған ұзақ мерзімдік қарыздар мен корпоративтік бизнесті қаржыландыру үшін «Қазақстан Даму банкі» АҚ-дан алынған ұзақ мерзімдік қарыз жатады.

Банктер мен басқа қаржылық институттардың қарыздары мен депозиттері

2017 жыл ішінде сатылған қарыздар бойынша «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» АҚ алдындағы міндеттер түріндегі кредиттік мекемелердің қаражаттары 30%-ға төмендеді.

Клиенттердің қаражаттары

Заңды және жеке тұлғалардың салымдарының меншікті салмағы міндеттер көлемінің 68,2%-ын құрайтын Банктің маңызды қорландыру көзі болып табылады.

	2017		2016		Өсім	
	млн.теңге	үлес,%	млн.теңге	үлесі,%	абс.	%
Талап етілгенге дейінгі ағымдағы шоттар мен депозиттер	101 363	33%	153 166	57%	-51 803	-34%
Корпоративтік клиенттер	54 612	18%	120 645	45%	-66 033	-55%
Бөлшек сауда клиенттері	46 751	15%	32 521	12%	14 230	44%
Мерзімдік депозиттер	103 284	34%	115 251	43%	-11 967	-10%
Корпоративтік клиенттер	33 349	11%	57 879	22%	-24 530	-42%
Бөлшек сауда клиенттері	69 934	23%	57 371	21%	12 563	22%
Клиенттер қаражатының жиынтығы	204 647	100%	268 417	100%	-63 771	-24%

Клиенттердің 01.01.2018 жылғы қаражаттарын 204,6 миллиард теңге құрады, 63,8 миллиард теңгеге немесе 23,8%-ға төмендеген, соның ішінде:

- корпоративтік клиенттердің қаражаттары 90,6 миллиард теңгеге немесе 50,7%-ға;
- жеке тұлғалардың қаражаттары бойынша 26,8 миллиард теңгеге немесе 29,8%-ға өсті.

Шығарылған борышкерлік бағалы қағаздар

2017 жылдың 31 желтоқсаны орналасқан шығарылған борышкерлік бағалы қағаздардың көлемін 18,6 миллиард теңге құрады.

Банк шығарған барлық облигациялар «рейтингтік құны» санаты бойынша KASE ресми тізіміне енгізілген.

Капитал

2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жай-күй бойынша Банктің жеке капиталын 43,5 миллиард теңге құрады.

2017 жылы Акционерлік капиталға Банктің меншік иелері тарабынан қосымша қаражаттар құйылмады.

5.2 ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРДІҢ ТАЛДАУЫ

ҚЕХС бойынша кірістер мен шығыстар туралы есеп

млн. теңге	2017 жыл	өсу/ төмендеу 2017 ж. 2016 ж.	2016 жыл	өсу/ төмендеу 2016 ж. 2015 ж.	2015 жыл
Пайыздық кіріс	26 221	1%	25 927	9%	23 734
Пайыздық шығыс	-21 413	-1%	-21 667	47%	-14 742
Таза пайыздық кіріс	4 808	13%	4 260	-53%	8 992
Таза комиссиялық кіріс	4 222	36,4%	3 095	0,1%	3 092
Операциялық кіріс	6 996	-4%	7 274	-46%	12 124
Операциялық шығыс	-3 173	128%	-1 393	-91%	-13 466
Құнсыздану шығындары және қордың шығыстары	-486	-80%	-2 394	107%	-1 157
Жалпы шаруашылық және әкімшілік шығыстар	-11 208	0%	-11 224	1%	-11 100
Табыс салығы бойынша үнемдеу (шығыс)	112	-85%	757	-320%	-343
Табыс салығын алып тастағанда, жыл ішіндегі пайда/шығын				-100%	2 072
Жыл ішіндегі пайда/шығын	1 272	240%	374	75%	214

Кірістер

1. Таза табыс 1,3 миллиард теңгені құрады.

2. «Клиенттердің қарыздары» мен «Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтер» баптарындағы активтердің кірістілігін арттыру есебінен 2017 жылы пайыздық шығыстар 1%-ға артып, 26,2 миллиард теңгені құрады, бұл көрсеткіш 2016 жылы 25,9 миллиард теңгені құраған болатын.

- Таза пайыздық кіріс өткен жылмен салыстырғанда 13%-ға артып, 4,8 миллиард теңгені құрады;

- Таза комиссиялық кірісті 4,2 миллиард теңге құрады.

Комиссиялық кірістердің негізгі сомасын аударма операциялары мен ақша қаражатын шешкені үшін алынатын комиссиялар құрайды.

2017 жылы аударма операциялары бойынша комиссиялық кіріс 302,8 млн теңгеге, ақша қаражаттарын шешу бойынша 643,1 млн теңгеге артты.

Шығыстар

2017 жылы пайыздық шығыстар 2016 жылмен салыстырғанда 1%-ға немесе 254 млн. теңгеге төмендеді және есеп күні 21,4 миллиард теңгені құрады. Пайыздық шығыстардың төмендеуі клиенттер заңды тұлғалардың қаражаттарының ағымымен байланысты. Жалпы пайыздық шығындардағы клиенттердің тартылған қаражаттары бойынша шығыстар үлесін 71,8% құрады, ол 2017 жыл ішінде 8,7% құрады. Банктердің қаражаттары бойынша шығыстар үлесін 10,2% құрады (2016 жылы 6,5%); «РЕПО» мәмілелері бойынша шығыстар 2 еседен артық өсіп, оның үлесін 6,6% құрады (2016 жылы 2,6%); шығарылған облигациялардың шығыстары 28,4%-ға төмендеп, оның үлесін 6,3% құрады (2016 жылы 8,7%).

Операциялық шығыстар

2017 жылы Банк әкімшілік-шаруашылықтың шығыстарына оңтайландыру саясатын жүргізді, осыған байланысты есеп кезеңі ішіндегі Банктің операциялық шығыстары 2016 жылғы деңгейде қалды.

млн. теңге	2017 жыл	2016 жыл	өзгерістер, абс.	өзгерістер, %
Қызметкерлерге жұмсалатын шығыстар	6 084 437	4 959 534	1 124 903	22,7%
Табыс салығынан басқа салықтар	411 891	347 444	64 447	18,5%
Әкімшілік-шаруашылық шығыны	4 120 900	5 351 017	-1 230 117	-23,0%
Негізгі құралдардың амортизациясы	590 558	565 923	24 635	4,4%
Операциялық шығындар жиынтығы	11 207 786	11 223 918	-16 132	-0,1%

6. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Ішкі бақылау жүйесі Банктің мақсатына жету жолында кездескен тәуекелдерге сәйкесті үлгіде әрекет етуіне мүмкіндік беретін тиімді және рационалды қызметті тудыратын саясаттың, үдерістер мен жосықтардың, әдеп нормалары мен әрекеттердің жиынтығы түрінде болады.

Ішкі бақылау жүйесіне өзара байланысқан келесі бөліктер кіреді:

- ортаны бақылау;
- тәуекелдерді бағалау;
- ішкі бақылаудың жосықтары;
- ақпараттық қамтамасыз ету мен ақпараттар алмасу жүйесі;
- ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне мониторинг жасау және бағалау.

«Нұрбанк» АҚ тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау мен корпоративтік басқару жүйелерін реттеуші талаптарға, сондай-ақ Базель комитетінің ұсыныстарына сәйкес жетілдіру мәселелеріне үлкен көңіл бөледі.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты мен жосықтары реттеушілердің талаптарына сәйкестігін анықтау, ұсынылған банктік өнімдер мен қызметтердің нарықтық жағдаяттардың өзгерістер көрсету және дұрыс жолды анықтау мақсатында тәуекелдерді басқару саясаты мен жосықтары жүйелі түрде қайта қаралып отырады. Тәуекелдерді басқару жөніндегі жүйенің жұмыс істеуін лайықты бақылауға, басты тәуекелдерді басқаруға және тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат пен жосықтарды мақұлдауға, сондай-ақ ірі мәмілелерді мақұлдауға Директорлар кеңесі жауапкершілікке тартылады. Басқарма мониторинг пен тәуекелдерді азайту шараларын енгізуге, сондай-ақ белгіленген тәуекелдер аясында Банктің қызмет атқаруын қадағалауға жауапкершілікке тартылады.

Тәуекелдің сыныпталуы	Тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар
Өтімділік тәуекелі	Өтімділік тәуекелі – Банктің өз міндеттерін ішінара/толық орындамауы немесе уақтылы орындамауынан туындауы мүмкін тәуекел. Өтімділік орнын тиімді басқару үшін активтер мен

Тәуекелдің сыныпталуы	Тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар
	міндеттердің құрылымына, өтімді және өтімді емес активтерге және өтімділік коэффициенттеріне лимиттер орнату арқылы шешімдерді қабылдау мен шектеу әдісін таңдау немесе өтімділік тәуекелін жою жосықтары қолданылады.
<i>Пайыздық тәуекел</i>	Пайыздық тәуекелдің көлемі уәкілетті орган пайыздық тәуекелдің көлеміне және оны азайтудың әртүрлі әдістерін қолдануға белгілеген лимиттерді сақтауға негізделіп реттеледі. Пайыздық тәуекелді тиімді басқару оны әртүрлі лимиттер мен коэффициенттерді қою арқылы лимиттендіру көмегімен жүзеге асады. Банк тұрақты түрде пайыздық тәуекел мен оның белгіленген лимиттерге сәйкесу деңгейінің ағымдағы орнына мониторинг жүргізіп отырады.
<i>Нарықтық тәуекел</i>	Нарықтық тәуекелді бағалау мен өлшеу белгіленген кезең ішінде орын алуы мүмкін залалдың көрсеткіші мен ықтималдығын және тәуекел деңгейінің уақыт мен қолайлығын анықтаудан тұрады. Стресс-тестілеу нәтижесінде алынған мәліметтер негізінде Банк қаржылық құралдардың жекелеген түрлерімен жасалатын операцияларға шектеу қояды, сондай-ақ бағаланған залалды төмендетуге мүмкіндік беретін іс-шараларды жүргізеді.
<i>Кредиттік тәуекел</i>	Кредиттік тәуекелді басқару кредиттеудің әрбір нақты жобасы бойынша кредиттік тәуекелдерді азайтуға қатысты, оны анықтау, бағалау мен ұсыныстар жасау мақсатында кредиттік тәуекелдерді азайту және мониторинг жасау арқылы жобалар, бақылау шеңберінде сандық және сапалық тәуекел-сараптама жасау жолымен жүзеге асады. Қаржыландыру жасалмай тұрып, жобаны қарастыру кезеңінде тәуекел-сараптама жасалады және қаржыландыруға қатысты келешекте орын алуы мүмкін шығындардан Банкке келетін тәуекелдердің алдын алу үшін Банктің ІНҚ бойынша тәуекел-сараптама жасау талап етілген бұдан кейінгі жағдайлардың барлығында жасалып отырады. Құзыреттіліктің кредиттік тәуекелдерін басқару мақсатында кредиттік операцияларды жүзеге асыру жөніндегі шешімдерді қабылдау Директорлар кеңесі мен Банктің кредиттік комитеттері арасында белгіленген.
<i>Операциялық тәуекел</i>	<p>Операциялық тәуекел-менеджментінің келесі құралдарының көмегімен операциялық тәуекелді басқару жүзеге асырылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі жосықтарды жетілдіру; 2. Қорғаныстың үш жолағын ұстану; 3. Операциялық тәуекелдер оқиғаларының базасын құру және оның негізінде Банк Басқармасы, Директорлар кеңесінің Тәуекел мен сапа жөніндегі комитеті, Банктің Директорлар кеңесі қарауымен операциялық тәуекелдер бойынша реттеушілік басқарушылық есептілік дайындау. Басқарушылық есептілікті қарастыру нәтижесіне қарай дайындалған Басқарма мен Директорлар кеңесінің нұсқауларын орындаудағы Банк қызметкерлінің іс-әрекет ету жосықтары мен жауапкершіліктерін анықтау; 4. Операциялық тәуекелдердің өзін өзі бағалауын жоспарлау, реттеу, өткізу және нәтижелерін талдау;

Тәуекелдің сыныпталуы	Тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар
	5. Құрылымдық бөлімдермен бірге операциялық тәуекелдің басты индикаторларын және олардың бастапқы мәндерін әзірлеу; 6. Жұмыстарды жоспарлау, үйлестіру және сценарийлік талдау жүргізу; 7. Тәуекелдер картасын әзірлеу және құру; 8. Банктің операциялық тәуекелдерін басқару бойынша тәуекел-үйлестірушілердің жүйесін енгізу.
<i>Заңдық тәуекел</i>	<p>Заңдық тәуекел құқықтың нормалармен реттелетін және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жасалатын Банк қызметін қосқанда, Банк тікелей немесе жанама түрде бір тарап ретінде қатысатын барлық қарым қатынастарда кездеседі.</p> <p>Банктің заңдық қызметі ішкі бақылау жүйесінің шеңберінде жүзеге асырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістерге және/немесе толықтыруларға мониторинг жүргізуді; - жасалатын мәмілелерді, Банктің ішкі нормативтік құжаттарын, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары мен уәкілетті тұлғалардың сұраныстарын құқықтық сараптау; - банктік қызметке, сот жұмыстарына, атқарушылық өндіріске қатысты құқықтық мәселелер бойынша қорытындыларды дайындау және тексеру; - талап арыздар дайындау мен сот актілеріне шағымдану; - Қазақстан Республикасының заңнамасын қолдану мәселелері бойынша түсіндірмелер дайындау; - Банк жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауын бақылау.

Банкте ішкі бақылауды Директорлар кеңесі, Тәуекел мен сапа жөніндегі комитет, Банк Басқармасы, Банктің басшылық жұмыскерлері мен «Нұрбанк» АҚ барлық деңгейдегі жұмыскерлері, ішкі бақылауды жүзеге асыруға жауаптылар жүргізеді.

Директорлар кеңесі ішкі бақылау жүйесінің құрылуы мен дұрыс және пайдалы қызмет етуін, Банк қызметтері арасында мүдделер қақтығысының және туындау шарттарының болмауын қамтамасыз етеді, Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді, тәуекелдердің рұқсат етілген деңгейін анықтайды және бекітеді.

Банк Басқармасы Банктің стратегиясымен анықталған мақсаттар мен міндеттерге жетуі үшін ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Банктің әрбір құрылымдық бөлімдерінде ішкі бақылаушылар тағайындалды, оның басты міндеті - құрылымдық бөлімдердің қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасы мен Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу. Ішкі бақылаушылар қорғаныстың екінші және үшінші жолақтарын қамтитын құрылымдық бөлімдермен өзара әрекеттесуді жүзеге асырады.

7. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жай-күй бойынша Банк қызметкерлерінің санын шамамен 2400 штаттық бірлік құрайды.

«Нұрбанк» АҚ кадр саясаты жұмыскерлерді тарту мен оларды келешекте ұстауға, олардың кәсіптік және тұлғалық әлеуеттерін ашуға, әлеуметтік жақтан қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған. Еңбек нәтижелерін бағалаудың объективті әдістеріне сүйене отырып, әрбір жұмыскердің еңбегін барынша бағлауды жүзеге асыру мақсатында фронт офис жұмыскерлеріне арналған ынталандыру бағдарламасы енгізілді. Банк жұмыскерлерін ынталандыру жүйесі Банк жұмыскерлерін марапттау жүйесінің құрамдас бөлшегі болып табылады, ол жұмыскерлердің кәсіби жетістерге ұмтылуларына және еңбектерінің тиімділігін арттыруға, сонымен қатар кәсібилігі жоғары қызметкерлерді Банкке тартуға және ұстауға жол ашады. Сонымен бірге лауазымдық міндеттерін орындау барысында, бір реткі тапсырмаларды орындағанда жетістікке жеткені үшін, әртүрлі жобаларды жүзеге асырудағы нәтижелеріне қарай т.б. жұмыскерлеріне бір мәрте ақшалай сыйақы төлеу жолдары қарастырылған. Банктің 25 жылдығына орай, Банк жұмыскерлерінің ынталарын арттыру мақсатында еңбек ақыны 10%-ға көтеру туралы шешім қабылданды.

Банкте салауатты өмір салты әрдайым ұсталады: тиімді шарттарда Банк жұмыскерлеріне арналған спорттық – сауықтыру клубтарына бару ұйымдастырылған. Филиалдар арасында футбол ойындары, жаяу жүру, табиғатта серуендеу мен тақырыптық ойындар ұйымдастырылады. Банк тұрақты түрде Алматы марафонына қатысады, 2017 жылы Банк атынан 4 команда қатысты.

Корпоративтік мәдениетті көтеру үшін қызметкерлерге арналған корпоративтік іс-шаралар өткізілді, атап айтқанда: «Жаңа жыл», «Наурыз», «Банктің туған күні», «Қаржыгерлер күні». Тұрақты түрде әртүрлі конкурстар, ұжымды бірлестіру үшін – командалық ойындар өткізіледі.

2016 жылы тартымды Банк жұмыс беруші ретіндегі мәртебесін көтеру мақсатында (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ. Халықты жұмыспен қамту орталығы, Каспий университеті, Астана қ. Назарбаев Университеті өткізген бос жұмыс орындарының жәрмеңкесіне қатысу) іс-шаралар өткізілді.

Қазақстан Республикасы жоғарғы оқу орнымен ынтымақтастық орнату шеңберінде студенттер мен бітірушілерге бастапқы кәсіптік-тағылымдамалық дайындықтан өту, Банк оқу орнының мамандықтарына сәйкес студенттерге/бітірушілерге тәжірибе/тағылымдамадан өту және одан ары қарай жұмысқа тұру мүмкіндігін ұсынады. 2017 жылы Банкте тағылымдамадан өткен 608 кісінің ішінен 321 астам ең талаптылары Банктің штатына алынды.

Банктің 2017 жылғы қайырымдылық және демеушілік бағыттағы жұмыстары балалар үйлерінің тәрбиеленушілеріне, ЕДС ардагерлеріне, еңбеккерлеріне арналған қайырымдылық акцияларын өткізу, сондай-ақ «Нұрбанк» АҚ мен Каспий университеті тарапынан ұйымдастырылған республикалық деңгейдегі «Өмірге жолдама» әлеуметтік бағдарламасының аясында студенттерге қайырымдылық көмек көрсету түрінде жүргізілді.

8. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

8.1 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

«Нұрбанк» АҚ-ның корпоративтік басқару жүйесінің негізі - Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарын қатаң сақтау, сондай-ақ Қазақстанда дамып келе жатқан корпоративтік әдепті, әдеп нормаларын, қажеттіліктерді есепке ала отырып, корпоративтік басқару мәселелерінде алдыңғы қатарлы халықаралық ең жоғарғы талаптарға сәйкес келуге ұмтылу ұстанымы болып табылады.

2014 жылы Банк Акционерлерінің жалпы жиналысында мақұлданған Корпоративтік басқару кодексі корпоративтік басқару жүйесін реттейтін негізгі құжат болып табылады. Банк өзінің күнделікті қызметі барысында өз кезегінде акционерлер үшін инфестиялық

тартымдылықты ұзақ уақыт бойы сақтау мен жақсартуға бағытталған тиімді басқаруды қамтамасыз ету үшін Кодекстегі ұстанымдарды ұстанады. Корпоративтік басқару жүйесінің сапалы және тиімді болуы Банк қызметінің жақсаруына жол ашады, Директорлар кеңесіне барлық акционерлердің мүддесінде өз міндеттерін жақсы сипатта атқаруына мүмкіндік береді.

«Нұрбанк» АҚ Корпоративтік басқарудың құрылымы



Банктің Корпоративтік басқаруы төмендегі ұстанымдардан құрылды:

- Банк акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- тиімді корпоративтік басқару мен бақылау;
- Банк қызметі туралы ақпараттар мен қаржылық ақпараттардың ашықтығы мен шынайылығы;
- заңдылық және жоғарғы этикалық стандарттар;
- тиімді дивидендтік саясат;
- тиімді кадр саясаты;
- корпоративтік дауларды құрылымдық жолмен реттеу;
- қоршаған ортаны сақтау және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік.

Банк өз акционерлерімен тең қарым қатынас жасау, олардың Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған, соның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысы арқылы дивидендтер алуға және Банкті басқаруға қатысуға байланысты құқықтарын сақтау, Банк акционерлері алдындағы Банк, соның ішінде оның қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, қызметінің нәтижелер жайлы шынайы ақпараттарды уақтылы ашу ұстанымын ұстанады.

8.2 АКЦИЯЛАР МЕН АКЦИОНЕРЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

01.01.2018 жылғы жай-күй бойынша жарияланған акциялардың жалпы саны 133 675 557 дана, соның ішінде жай акциялар – 133 375 557 дана, артықшылық берілген акциялар – 300 000 дана. 10 526 728 жай және 225 876 артықшылық берілген акциялар орналасты, оның 698 жай мен 181 артықшылық берілген акция сатып алынды. Банктің ірі акционері - 8 888 753 жай акцияға (дауыс беруші акциялардың 82.67%) иелік ететін «JP Finance Group» ЖШС банктік холдингі болып табылады. «Нұрбанк» АҚ-ның бенефициарлық иесі – «JP Finance Group» ЖШС иелену арқылы Рашит Сарсенов.

Жай акциялар бойынша дивидендтер жыл нәтижесіне қарай төленеді. Соңғы үш жыл үшін Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімімен жай акциялар бойынша дивидендтер есептелмеді және төленбеді, Банктің таза кірісі бөлінбеді және «өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісі (жабылмаған шығындар)» шотына жіберілді.

Артықшылық берілген акциялар бойынша дивидендтердің кепілденген көлемін бір акцияға 1000 теңгені құрайды, ол уақтылы төленді.

Жыл	Төленетін сома, теңге
2017	225 695 000,00
2016	225 695 000,00
2015	225 695 000,00

Есеп күнгі жай акцияның баланстық құны (BVcs) = 3,936.78 теңге, өз кезегінде есеп күнгі артықшылық берілген акцияның баланстық құны (BVps1) = 12,398.67 теңге. Қазіргі кезде жай және артықшылық берілген акциялар бойынша KASE міндетті дәйектерді орнату ісі жүргізілмейді. 2017 жылы Банктің жай акциялар мен артықшылық берілген акцияларының нарықтық құны KASE мәліметтері бойынша есептелмеді. Жай акциялар мен артықшылық берілген акциялардың нарықтық құнының соңғы көрсеткіштері 28.07.2015 жылғы жай-күй бойынша есептелген, 14 000,00 теңгені және сәйкесінше 14 001,00 теңгені құрады.

8.3 АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

Банктің жоғарғы органы болып табылатын Банк акционерлерінің жалпы жиналысы корпоративтік басқару қызметін жүзеге асыру мәселелерінде маңызды рөл атқарады және Банк қызметін басқарудағы акционерлік құқықты жүзеге асыру алаңы болып табылады.

2017 жылы Акционерлердің жалпы жиналысы 3 рет өткізілді.

30.05.2018 жылы Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы төмендегідей шешімдер қабылдады:

- «Нұрбанк» АҚ жылдық қаржылық есептіліктің жылдық шоғырландырылған және шоғырландырылмаған (жеке) есебін бекіту;
- «Нұрбанк» АҚ 2016 жылы жай акциялар бойынша дивидендтер аудармау және төлемеу, Банктің таза кірісін бөлместен қалдыру және «өткен жылдардың бөлінбеген таза табысы (жабылмаған шығындар)» шотына жіберу туралы шешім қабылдады;
- 2016 жылы акционерлердің «Нұрбанк» АҚ пен оның лауазымды тұлғаларының әрекетіне қатысты арыздарының жоқ екені туралы ақпаратты, «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне және Басқарма мүшелеріне берілетін сыйақы көлемі мен құрамы туралы ақпаратты назарға алу.
- «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесі туралы Ереженің №1 Өзгерістері мен толықтырулары және «Нұрбанк» АҚ Жарғысының № 1 Өзгерістері мен толықтырулар бекітілсін.

25.09.2017 жылы Акционерлердің кезектен тыс жылдық жалпы жиналысы қабыл еткен шешімдердің нәтижесінде:

- «Нұрбанк» АҚ жай акцияларына айырбасталатын, атаулы купондық қамтамасыз етілмеген тәртіптелген облигациялары шығарылды, ол 2018 жылдың басында күшін жойды.
- «Нұрбанк» АҚ жарияланған жай акцияларының саны 120 000 000 данаға өсті.

01.12.2017 жылы Акционерлердің кезектен тыс жылдық жалпы жиналысы қабыл еткен шешімдердің нәтижесінде:

- «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің саны 4-ке дейін кеңейтілді, оның 2 (екеуі) – тәуелсіз директорлар.
- «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор ретінде Рустем Гумарович Камалеев сайланды.
- құрамына Р.З. Ержанова, Э.Л. Креймер, А.Л. Фролов (тәуелсіз директор), Р.Г. Камалеев (тәуелсіз директор) кірген «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттігі 2024 жылы «Нұрбанк» АҚ Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін сәтке дейін белгіленді.

8.4 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Банкті стратегиялық басқаруды, қаржылық-шаруашылық қызмет пен тәуекелдерді басқару жүйесін бақылауды жүзеге асыратын Банктің басқару органы болып табылады, Акционерлердің жалпы жиналысы мақұлдаған шешімдер мен Банк саясатын орындайды. Банктің Директорлар кеңесі Банк қызметінің, қаржылық жағдайы мен қызмет нәтижелерінің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Банктің Директорлар кеңесінің құрамы 2017 жылдың желтоқсанында өзгеріске ұшырады. Банктің Директорлар кеңесі 4 кісіден тұрады, оның 2 тәуелсіз директорлар мәртебесін иеленген.

- Ержанова Раушан Зейнуллаевна, 1960 ж.т. – 08.06.2010 жылдан бері Директорлар кеңесінің төрағасы;
- Креймер Эдуард, 1949 ж.т. – 08.06.2010 жылдан бері Директорлар кеңесінің мүшесі;
- Фролов Александр Леонидович, 1958 ж.т. – 06.09.2010 жылдан бері Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор;
- Рустем Гумарович Камалеев, 1979 ж.т. – 04.12.2017 жылдан бері Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор.

8.5 БАСҚАРМА

Басқарма Банктің алқалық атқарушы органы болып табылады, оның ағымдағы қызметіне басшылық етеді. Банкте корпоративтік басқарудың құрылуында маңызды орын ала отырып, Басқарма өзінің құзыреттілігі шеңберінде корпоративтік басқару ұстанымдарының сақталуын және нақты іске асуын бақылауды қамтамасыз етеді.

Басқарма мүшесінің аты-жөні, туған жылы	Басқарма мүшелері туралы ақпарат
Сарсенов Эльдар Рашитович, 04.11.1984 ж.т.	Сарсенов мырза Suffolk University (Бостон, АҚШ) оқыды, бизнес-әкімшіліктендіру бакалаврының дәрежесін алды, сондай-ақ Northeastern University (Бостон, АҚШ) бітіріп, бизнес-әкімшіліктендіру магистрінің мамандығын алды. Өртүрлі кезеңдерде швейцариялық TAG Heuer (АҚШ) сағат компаниясының маркетингіне басшылық етті, «Helios» ЖЖС ЖШС желісінде маркетинг жөніндегі менеджердің ассистентінен бастап сатылым және маркетинг жөніндегі директордың орынбасарына дейінгі еңбек жолын жүріп өтті. 29.11.2012 ж. - 29.11.2015 ж. - «Нұрбанк» АҚ Басқарушы директоры; 30.11.2015 ж. бері «Нұрбанк» АҚ Басқарма Төрағасы.

Басқарма мүшесінің аты-жөні, туған жылы	Басқарма мүшелері туралы ақпарат
<p>Заиров Марат Заирович 31.05.1968 ж.</p>	<p>Заиров мырза М. Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік Университетінің экономика факультетін үздік бітірді, оған «экономист, саясиэкономика оқытушысы» мамандығы берілді. Қазақ мемлекеттік заң академиясында екінші жоғарғы білім алып, «заңгер» мамандығын алды. Экономика ғылымдарының кандидаты.</p> <p>Заиров мырза әр кезеңдерде «Банк ТуранАлем» ЖАҚ, «Темірбанк» ААҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары, «Нұрбанк» АҚ мен «БТА Банк» АҚ Басқарма Төрағасы секілді лауазымды қызметтерді атқарды.</p> <p>23.11.2015 ж. бастап «Нұрбанк» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі.</p>
<p>Ким Андрей Борисович 22.03.1975 ж.</p>	<p>Ким мырза Қазақ мемлекеттік экономика университетін бітірген, «Іскерлік әкімшіліктендіру магистрі» академиялық дәрежесін алған (КИМЭП).</p> <p>Ол әр жылдары «Цесна Банк» АҚ директорының клиенттердің бизнесі жөніндегі орынбасары, «Нұрбанк» АҚ Алматы қ. филиалының директоры, «Tengri Bank» АҚ Басқарушы директоры секілді лауазымдарды атқарды.</p> <p>13.11.2017 ж. бастап «Нұрбанк» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі.</p>
<p>Жаканбаев Ришат Сельмарович 19.08.1964 ж.</p>	<p>Жаканбаев мырза Қазақ мемлекеттік экономика университетін «Қаржы және кредит» мамандығы бойынша бітірді, сонымен қатар Абай ат-ғы Қазақ Мемлекеттік педагогика университетінен «Құқықтану» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін алды.</p> <p>Жаканбаев мырза әр жылдары «Жилстройбанк» ЖАҚ, «Банк ЦентрКредит» ААҚ, «Қазақстан Даму Банкі» АҚ, «Альянс банк» АҚ, «Нұрбанк» АҚ сияқты банктерде бас бухгалтердің орынбасары және бас бухгалтер лауазымдарын атқарды.</p> <p>05.01.2011 ж. бастап «Нұрбанк» АҚ Қаржы директоры – Басқарма мүшесі.</p>
<p>Мусатаева Гульнара Абаевна 28.12.1967 ж.</p>	<p>Мусатаева ханым Қарағанды Мемлекеттік университетін «Заңтанушы» мамандығы бойынша бітірген.</p> <p>Мусатаева ханымның еңбек жолы Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен, Қазақстанның Ұлттық Банкісімен және республикадағы ең ірі коммерциялық банкімен байланысты.</p> <p>23.05.2011 ж. бастап «Нұрбанк» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.</p>
<p>Телегина Ирина Игоревна 29.01.1968 г.</p>	<p>Телегина ханым Қарағанды Мемлекеттік университетін «Заңтанушы» мамандығы бойынша бітірген.</p> <p>Қазақстанның қаржы құрылымдарындағы жұмыс тәжірибесі 20 жылдан асады.</p> <p>18.10.2013 ж. бастап «Нұрбанк» АҚ Басқармасының құрамына кірді.</p>

2017 жылы Банктің Директорлар кеңесі мүшелері мен Басқармасына төленген сыйақылар мен сыйлық ақылардың көлемі

№	Атауы	Негізгі сыйақы, мың теңге	Сыйақылар, мың теңге	Барлығы
1	Директорлар кеңесі	10 395	-	10 395
2	Банк басқармасы	106 269	-	106 269
	Жиыны:	116 664	-	116 664

8.6 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Кәсіптік кеңестер, сараптамалық қорытындылар мен алданы ала қарастыруды әзірлеуді және алуды және Директорлар кеңесінің құзыреттілігіне жататын мәселелерді жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында Банк Директорлар кеңесінің қасынан Комитеттер құрылды. Банкті корпоративтік басқару органдары жүйесінің ажыратылмас бөлігі болып табылатын Директорлар кеңесінің комитеттері өздерінің құзыреттіліктері шеңберінде Директорлар кеңесіне берілетін ұсыныстар мен қорытындылардың әзірленуін қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті

Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті – Директорлар кеңесінің кеңестік-ақылдасу органы, оның қызметі толығымен Банктің Директорлар кеңесіне тәуелді және ол Банктің Директорлар кеңесі ұсынған уәкілеттілік шеңберінде әрекет етеді. Комитеттің құзыретіне Банктің Директорлар кеңесіне Банктің стратегиялық мақсаттарын (даму стратегиясын) жасау мәселелері, соның ішінде Даму стратегиясы әзірленетін, орташа және ұзақ мерзімдік келешекте қызметтің тиімділігін арттыруға жол ашатын даму, сондай-ақ Банк бюджетін алдын ала қарастыру мәселелер бойынша, ұсыныстар дайындау, іс-шаралар әзірлеу кіреді.

Директорлар кеңесінің Әлеуметтік мәселелер, кадрлар мен сыйақылар мәселесі жөніндегі комитет

Комитет Банктің Директорлар кеңесіне Банктің кадрлар мәселесінде, әлеуметтік қолдау, жұмыскерлердің кәсіптік жетістіктерге жетуін ынталандыруға және оның қызметінің тиімді болуына жол ашатын Банк жұмыскерлеріне арналған ынталандырулар мен сыйақылар мәселелерінде, сондай-ақ Банкке кәсіби қызметкерлерді тарту мен оларды ұстау саясатын белгілейтін мәселелер бойынша ұсыныстар жасау үшін құрылды.

Директорлар кеңесінің Тәуекел мен сапа жөніндегі комитеті

Комитет қызметінің басты мақсаты - Банктің Директорлар кеңесіне арналған, Банктің тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру мен бекіту, Банктің жеке капиталының жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету, сондай-ақ клиенттерге қызмет көрсету сапасын көтеру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Директорлар кеңесі Ішкі аудит жөніндегі комитеті

Комитет Банк акционерлерінің мүддесінде әрекет етеді және оның жұмысы келесі мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға қажетті ұсыныстар жасау арқылы Директорлар кеңесіне көмек көрсетуге бағытталған: қаржылық есептіліктердің толықтығы мен шынайылығы, Банк пен еншілес ұйымдарының заңнама мен ішкі құжаттардың талаптарына

сәйкестігі, сыртқы аудиторды таңдау мен тәуелсіздігі, ішкі бақылау жүйесі мен тәуекелдерді басқару жүйесінің сәйкестігі мен тиімділігі, Банктің ішкі аудиті қызметін бақылау; сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау; Банктің еншілес ұйымдарында ішкі аудиттің тәртіптерін, стандарттар мен ұстанымдарын енгізуді бақылау және өзінің құзыреттілігі шеңберінде Комитетті құру және қызметі мақсаттарынан туындаған мәселелерде көмек көрсетеді.

8.7 ІШКІ АУДИТ ЖӘНЕ КОМПЛАЕНС-БАҚЫЛАУ

Ішкі аудит қызметі

Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне бағынады және есеп береді. Қызметтің тәуекел-бағдарланған жоспар негізінде Қызмет ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару жүйесін бағалайды, ол белгілі бір бөлімдердің қызметіне, бизнес-үдеріске тән тәуекел деңгейінде құрылады. Қызметтің жұмысы аудиторлық жосықтар, бағалау, қорытындылар мен ұсыныстар ұсыну арқылы Банктің Директорлар кеңесіне тәуелсіз және шынайы, Банкті тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған ақпараттарды ұсынуға бағытталған.

Комплаенс-бақылау қызметі мен «Нұрбанк» АҚ бас комплаенс-бақылаушысы

«Нұрбанк» АҚ бас комплаенс-бақылаушысы «Нұрбанк» АҚ-ның комплаенс-тәуекелді басқаруды ұйымдастыру мен үйлестіруге жауапты, ол «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесіне тікелей есеп беретін тұлға болып табылады.

Комплаенс-бақылау қызметі «Нұрбанк» АҚ Бас комплаенс-бақылаушысына есеп береді. Комплаенс-бақылау қызметі өзінің жұмысын Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған құзыреттілікке, сондай-ақ «Нұрбанк» АҚ ішкі нормативтік құжаттарына сай бір жылға «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен комплаенс-бағдарламаға (жоспары) сәйкес жүзеге асырады.

8.8. АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАУ

Банк туралы ақпараттарды ашудың мақсаты – ашықтықты және Банктің лайықты корпоративтік басқару стандарттарын мүлтіксіз орындайтынын растауды қамтамасыз ету, дұрыс шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемдегі Банк туралы ақпараттарды алуға мүдделі барлық тұлғалардың назарына ұсыну.

Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының, ішкі бақылау жүйесінің талаптарына сәйкес, жүйелі түрде қаржылық жағдаят, Банк көрсеткіштері мен қызметі, ірі мәмілелер, басқару тәуекелдері туралы акционерлер мен инвесторлар алдында есеп береді. Банк атқарушы органның орналасқан орны бойынша құжаттарға, ақпараттарға (материалдарға) уақтылы қол жетекізуін қамтамасыз етеді. Электронды түрдегі ақпарат (материал) қазақ және орыс тілдерінде Банктің корпоративтік веб-сайтына – www.nurbank.kz, KASE ресми сайтына www.kase.kz, сондай-ақ қаржылық есептіліктің депозитарийінің веб-порталына www.dfo.kz орналасады.

БАҚ пен қоғамға жауаптарды жедел ұсыну үшін барлық қол жетімді коммуникациялық каналдар – Банктің корпоративтік сайты www.nurbank.kz, Facebook, Instagram және Twitter секілді әлеуметтік желілердегі корпоративтік аккаунттары, сондай-ақ дәстүрлі электронды пошта хаттары, баспасөз - конференциялары, брифингтер қолданылады. Әлеуметтік желілердегі Банк парақшаларынан Банк клиенттері Банктің кез келген өнімі мен қызметі жайлы ақпарат алады, Банкпен байланысы бар қандай да бір оқиғаларды талқылайды, жедел жауаптар алады.

Банк туралы ақпаратты жариялау ақпараттық ашықтық, Банктің коммерциялық мүдделерін қамтамасыз ету мен банктік құпияны сақтау туралы заңнама талаптарын сақтау арасындағы үйлесімділікті сақтай отырып, жүзеге асырады.

9. 2017 ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК БОЙЫНША АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕП**10. «НҰРБАНК» АҚ БАЙЛАНЫС АҚПАРАТТАРЫ**

Орыс тіліндегі толық атауы	«Акционерное общество «Нурбанк»
Қазақ тіліндегі толық атауы	«НҰРБАНК» АҚЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
БСН	930940000164
БСК	NBRKKZKX
ЖСК («Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» ММ-де)	KZ08125KZT1004300296
Мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі	09.11.2004 жылғы 3868-1900-АҚ
Қосылған құн салығы бойынша тіркеуге қою туралы куәлік	Сериясы 60001, № 0069732, күні – 18.09.2012 жыл

Резиденттік белгісі	1
Экономика секторы	4
Заңды мекенжайы	Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ., Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 10 В
Телефон	+7 (727) 250-00-00; 259-97-10
Факс	+7 (727) 250-67-03
Веб сайт	www.nurbank.kz
e-mail	ce@nurbank.kz
Инвесторлармен және акционерлермен өзара байланысудағы байланыс ақпараттары	Капиталды басқару Телефон: +7 (727) 250-00-00 (ішкі 5692, 4654)
«Нұрбанк» АҚ тіркеушісі	«Бағалы қағаздардың жалғыз тіркеушісі» Акционерлік қоғамы. Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Сәтбаев көш., 30 А/3. Телефон: +7 (727) 272-47-60. Электрондық мекенжай: www.tisr.kz
«Нұрбанк» АҚ қаржылық есептілігінің аудитору	«Grant Thornton» ЖШС Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ. 15, «Нұрлы тау» БО, 4В блок, 13-қабат, 1302-офис Телефон: +7 (727) 311 13 40 e-mail: almaty@kz.gt.com